

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 16106 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № ҚР ДСМ-39/2020 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 17.04.2020 № ҚР ДСМ-39/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 557 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15510 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Этalonдық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына және санитариялық-қорғаныш аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу, реконструкциялау және кеңейту жобаларына, қалалық және ауылдық елді мекендердің, курорттық

аймақтардың құрылыш салу бас жоспарларының жобаларына және егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына және санитариялық-қорғаныш аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15217 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің міндеттін атқарушының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 217 бүйрекшімен бекітілген "Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына және санитариялық-қорғаныш аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

көрсетілген регламентке 1-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоршаған ортаға,
санитариялық қорғау
аймақтарына және
санитариялық-қорғаныш
аймақтарға, шикізатқа және
өнімге зиянды заттардың және
физикалық факторлардың
руқсат етілетін шекті
шығарындылары мен рұқсат
етілетін шекті төгінділері
жөніндегі нормативтік

күжаттама жобаларына
санитариялық-
эпидемиологиялық қорытынды
беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне
1-қосымша";
"Қоршаган ортага,
санитариялық қорғау
аймақтарына және
санитариялық-корғаныш
аймақтарға, шикізатқа және
өнімге зиянды заттардың және
физикалық факторлардың
рұқсат етілетін шекті
шығарындылары мен рұқсат етілетін
шекті төгінділері
жөніндегі нормативтік
күжаттама жобаларына
санитариялық-
эпидемиологиялық қорытынды
беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет регламентіне
2-қосымша";

көрсетілген регламентке 2-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай
редакцияда жазылсын:

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық
денсаулық сақтау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген қүннен бастап күнтізбелік он күн ішінде
оның қағаз және электрондық түрдегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі
көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық
құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде
оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы
тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың
орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйректың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

E. Біртанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК